

# SHÁKÁRIM SHAŃYRAǴY



Ақпараттық-танымдық басылым


2022 жыл №2 (138) ақпан

## ҚҰРМЕТТІ ШӘКӘРІМ АРУЛАРЫ!

Әдемілік атаулыдан нәр алған, шыға келер сұлулық боп сан алдан, махаббаттан жаралған, Ұмай анадан таралған, күллі тіршілік иесін «Ана» деген сөзге табындырған, өзінің қылау түспес қылығымен ер-азаматтарды бағындырған барша Сіздерді, яғни барша аруларды бүгінгі 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тарихтың талай соқпағын бастан өткеріп, бүгінде өз жеріне өзі ие болған қазақтың даласында да талай арулар, даңғайыр елді бастаған даналығымен, шерменге кеткен дауды шешер шешендігімен, ауыл-елдің ұйтқысы болар ақылдылығымен, ерлермен бірге, жауға шапқан батырлығымен тарихта тәпсірлене алды. Сонау, арулардың пірі болған Ұмай, Домалақ аналарымыздан бастап талай қасиетті жандар әлемді тәрбиесімен тербетіп келеді.... Олардың өшпес өнегесі мен өлмес дәстүрі жарасты жалғасын табуда.

Тоқсан жылға жуық тарихы бар Шәкәрім шаңырағында қызмет атқарып жүрген қыз-келіншектер - еліміздің мақтанышына айналған осынау ұлағатты жандардың жалғасы. Оқу ордамызда мыңға жуық оқытушылар мен қызметкерлер еңбек етсе, 75%-ы нәзік жандылар. Олардың ішінде жүз жиырмадан аса ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен до-



центтер бар. Ару-әріптестеріміздің кәсіби шеберлігі - университетіміздің табысты дамуының кепілі. Отбасын ұйытып, бала тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдағы қызметті де қоса алып жүрген, сол қажыр-қайратының арқасында ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген Шәкәрім аруларына алғысым шексіз!

Қазақ халқы қашанда қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Қыз тәрбиелей отырып - ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Университетімізде білім алушылардың бес мыңы - қыз балалар. Осы жас бойжеткендер ертеңгі қазақ елінің бесігін тербеп, болашағын бағамдайтын ұл-мен қыз өсіріп жатса, университет миссиясының бір тармағы орындалғаны.

Шуақты мереке көктемдей көңіл күй сыйласын! Қыздарымыз сәукеленің үкісіне, аналарымыз сәбидің күлкісіне, әжелеріміз жас ұрпақтың игі ісіне бөленіп, баянды да, бақытты ғұмыр кешіңіздер!

Құрметпен, Басқарма төрағасы - Ректор  
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ

Осы санда



ШӘКӘРІМ  
АРУЛАРЫ

2-3 бет



«ЗЕЙНОЛЛА  
СӘНІК АТЫНДАҒЫ  
ШЕТЕЛДЕГІ  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ  
ДӘРІСХАНАСЫ»  
АШЫЛДЫ

6 бет



ШӘКӘРІМ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ  
ДӘСТҮРЛІ  
СПАРТАКИАДА  
ӨТТІ

8 бет



КІЛ МЫҚТЫ ДА  
КІМ МЫҚТЫ  
немесе БЕЛСЕНДІ  
СТУДЕНТТЕР  
ЖОБА ЖАЙЛЫ  
БІЛМЕЙДІ МЕ?

11 бет



Шәкәрім шаңырағында профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлім қызметкерлерінің саны мыңға жуық. Олардың 75% – ы әйелдер қауымы. Сіздердің назарларыңызға оқу орнымыздың Ең ерекше, Ең мықты нәзік жанды қызметкерлерімізді ұсынамыз.

# ШӘКӘРІМ



**ЕҢ КЕШ ҚАЙТАТЫН –  
ОРАЛҚАНОВА ИНДИРА**  
Басқарма мүшесі –  
академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор м.а.



**ЕҢ ЖАС ПРОФЕССОР –  
САТИЕВА ШОЛПАН**  
Психология және  
педагогика кафедрасының  
профессоры



**ЕҢ ЖАС ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ –  
АХМЕТОВА БАЛНҰР**  
Ауыл шаруашылығы және  
биоресурстар кафедрасының  
аға оқытушысы



**КӨП БАЛАЛЫ ТЕХНИКА  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ –  
АБДИЛОВА ҒАЛИЯ**  
«Технологиялық жабдықтар және  
машинажасау» кафедрасының  
аға оқытушысы



**ЕҢ ЖАС ДОЦЕНТ –  
НҰРЫМХАН ГҮЛНҰР**  
Тамақ өндірістерінің  
технологиясы және  
биотехнология кафедрасының  
қауымд. профессоры



**ЕҢ ЖАС ДОКТОР –  
ДЖУМАЗЖАНОВА МАДИНА**  
Тамақ өндірістерінің  
технологиясы және  
биотехнология кафедрасының  
аға оқытушысы



**КӨП БАЛАЛЫ ДОКТОР –  
АУБАКИРОВА КАРЛЫҒАШ**  
Қазақ филологиясы  
және журналистика  
кафедрасының  
аға оқытушысы



**КӨП БАЛАЛЫ МАГИСТР –  
САГИТОВА ШҮҒА**  
Физика-математика  
ғылымдары және  
информатика кафедрасының  
аға оқытушысы



**ЕҢ ЖАС МАГИСТР –  
ЖАҚАШЕВА АЙДАНА**  
Автоматтандыру, ақпараттық тех-  
нологиялар және қала құрылысы  
кафедрасының оқытушысы



**ЕҢ БАТЫЛ СПОРТШЫ –  
АШИРБЕКОВА ЖҰЛДЫЗ**  
ректорат хатшысы



**ЕҢ ЕРТЕ КЕЛЕТІН –  
ҚАБДЫҒАЛИЕВА ЕРКЕЖАН**  
кеңсе менеджері



**ЕҢ ЖАС ҚЫЗМЕТКЕР –  
БАКЕНОВА КАМИЛА**  
Тәрбие жұмысы және  
жастар саясаты  
бөлімінің маманы





# АРУЛАРЫ

## ҮЙДЕ АНАСЫ, ЖҰМЫСТА ӘРІПТЕСІ



**ХАСАНОВА ҚЛАРА** -  
э.ғ.к., «Экономика және қаржы» кафедрасының доценті. Университетте 01.07.1998 ж. бастап жұмыс істейді.

**ИСМАИЛОВА ГАЙНИГУЛ** -  
ф.ғ.к., «Шет тілдер» кафедрасының профессоры. ЖОО жұмысының басталуы-23.10.1981 ж.



**НАУРЗБАЕВА ГУЛЬМИРА** -  
Тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология кафедрасының аға оқытушысы. ЖОО-да 01.09.2000 ж. бастап жұмыс істейді.

**НАУРЗБАЕВА САБИРА** -  
Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің аға инспекторы. 1984 жылдың 2 сәуірінен бастап қызмет атқарады.



**ЖАРМҰХАМЕТОВА РАУШАН** -  
Жаратылыстану-ғылыми пәндер кафедрасының аға оқытушысы. ЖОО-да 2017 жылдан бастап жұмыс істейді.

**ЕРМЕНОВА БАТИЛЯ** -  
«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы. ЖОО-да 1991 жылдан бастап жұмыс істейді.



**ТУРУСБЕКОВА БАҚЫТҚҰЛЬ** -  
«Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және қала құрылысы» кафедрасының аға оқытушысы. 1982 жылдан бастап университетте жұмыс істейді.

**ТУРУСБЕКОВА АЙЖАН** -  
Мансап және жұмысқа орналастыру бөлімінің маманы, «Экономика және қаржы» кафедрасының оқытушысы. 2002 жылдан бастап Шәкәрім университетінде жұмыс істейді.

*Ең көп қайталанатын есімдер:  
Мадина, Айжан,  
Әйгерім, Жанар,  
Асель, Бақыт,  
Сәуле, Тұлнұр.*

*Ең ерекше есімдер:  
Көгершін,  
Фауида,  
Фаризат,  
Күлкен,  
Аққу,  
Түлюзя*

*Бір әулеттің қыздары:  
Ахметова Балнұр,  
Ахметова Айжан,  
Ахметова Тұлнұр.*





# ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАН ТҰТАР ӘЙГІЛІ АРУЛАРЫ

## ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ

Жұбайларымен, әкелері мен ағаларымен бірге жоңғарларға қарсы күреске Айтолқын — Абылай ханның қызы, Есенбике — Қарасай батырдың қызы, Айбике — атақты Бұланбай батырдың қызы сияқты ержүрек қыздар қатысқан еді. Гауһар — Қаракерей Қабанбайдың жан жары барлаушылар жасағын басқарған. Кейін өзі ана болып, үлкен қызы Назымды соғысқа жібереді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әйелдер үлкен ерлігін көрсетіп, олардың көптегендері Жеңіс үшін күресіп, ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Ұлы Жеңістің тарихында Отан соғысына қатысқан батыр қыздың үш есімі өшпес батырлығымен мәңгілікке жазылып қалған. Осы кезде тым жас болған үш қыз майданға өз еркімен аттанып, ерлермен бірге қолдарына қару алып, соғысады. **Хиуаз Доспанова** тұңғыш қазақ ұшқыш қызы болып, мерген **Әлия Молдағұлова**, пулеметші **Мәншүк Мәметова** Кеңес Одағының Батырлары болып атанған еді.



*Өмірдің мәні, тіршіліктің сәні – әйел. Ол – тіршіліктің тамыры, шаңырақтың ұйытқысы. Сондықтан әйел затының қоғамдағы, адамзат өміріндегі орны мен рөлі ерек. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарға құрмет көрсету – күллі адамзаттың парызы.*

*Ұлы даланың тарихнамасында аты аңызға айналған есімдер көп. Назарларыңызға халықтың жадында мәңгі өшпестей болып сақталған ұлы әйелдердің тізімін ұсынамыз.*

## ҚАЗАҚТЫҢ БҮЛБҮЛ ДАУЫС ӘНШІЛЕРІ

**Роза Бағланова** — Қазақстанның және бұрынғы КСРО халық әртісі. Оны майдангер деп атай аламыз, өйткені соғысқа тікелей қатыспаса да, өз даусымен Отан қорғаушыларына күш беруге тырысқан.



**Күләш Бәйсейітова** — қазақ операсының тұңғыш әншісі, КСРО халық әртісі атағын 24 жасында алды. Ол үшін алғашқы қазақ операсы жазылған, авторы — Евгений Брусиловский. Опера тыңдаушылары шаттана қол соғып, әншіні қолдарына көтеріп жүрген еді. Ол Елбасы қатысқан шараларға-да атсалысқан.



**Бибигүл Төлегенова** — КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, КСРО халық әртісі, қазақ ән

орындаушылық мектебінің жарқын өкілі тамаша әншілік мектептің жолы мен дәстүрін жалғастырушы күміс көмей әншілеріміздің бірегейі. ЮНЕСКО Бибигүл Төлегенованы XX ғасырдың көрнекті әйелдерінің тізіміне қосты.



## САХНАНЫҢ КӨРКІ БОЛҒАН ӘЙЕЛДЕР

Актриса **Хадиша Бөкеева** өмірінің соңына дейін Қазақ Мемлекеттік М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрының сахнасынан түспеді. Ол театр сахнасына өмірінің 69 жылын арнады. Қазақ сахнасында сомдап соғылған жүзден астам рөлі сахналық өнердің шедевіне айналды.



**Шара Жиенқұлова** — қазақ би өнерінің ханшайымы. Қазіргі кезде сахналарда биленетін қазақ билерінің көптеген түрлерін Шара Баймолдақызы ойлап құрастырған еді. Ұлттық

би өнерін дамыту үшін ел аралап, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, халық билерін зерттеді. Соның нәтижесінде «Тәттімбет», «Айжан қыз», «Қара жорға», «Қырық қыз» билері дүниеге келді.



## СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

«Тезірек, мықтырақ, жоғарырақ» ұраны... Осы ұранмен Олимпиадалық ойындар өтеді, әйел спортшыларымыз ең мықты спортшылардың қатарына енді.

**Ольга Шишигина** — Азиядағы «ең жүйрік» әйел, кедергілермен 100 метрге жүрігуден 2000 жылғы Сидней Олимпиадасының чемпионы.



**Әлия Юсупова** — Қазақстан көркем гимнастикасының аңызы, көркем гимнастикадан ҚР құрама командасының аға жаттықтырушысы. 2000-2009 жж. Қазақстанның абсолютті чемпионы, 12 дүркін Азия чемпионы, 2006 жылы Азия ойындарының жеңімпазы, әлемнің ең үздік он гимнастшының қатарына кірді.



# МЕКТЕП - ЖОО - КӘСІПОРЫН: КӘСІПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫ



**Қазіргі таңда елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл үдеріс педагогикалық теория мен практикадағы елеулі өзгерістермен қатар жүретіні анық.**



Ұлт басшысы Қ.Тоқаев еліміздің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетін алға тартып, техникалық бағыттағы мамандықтарға көбірек назар аудару қажеттігін ерекше атап өтті. Аталған бағыт бойынша қала мектептері, ЖОО мен кәсіпорындар арасында «Үштік оқыту моделі» жобасы іске асырылуда.

Осы орайда, 16 ақпан күні Шәкәрім университеті, Семей қаласының №3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені және «Семей Инжиниринг» ұйымдары қатысуымен кездесу ұйымдастырылып, ынтымақтастық туралы ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Бірлескен жоба мақсаты – «Мектеп – ЖОО – Кәсіпорын»

үштігінің ықпалымен жалпы және бейіндік білім беруді бір жүйеге біріктіріп, сапалы мамандар даярлау ісіне ықпалдасу. Меморандум шеңберінде инновациялық білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастық, дарынды балаларды анықтау және қолдау, болашақ инженерлік-технологиялық мамандарды сапалы даярлау мақсатында оқу үрдісіне үштік оқыту жүйесінің элементтерін енгізу көзделеді. Яғни, жалпы білім беру ғылыми бағдарламалар мен жобаларды іске асыру, білім алушылар арасында ерте кәсіптік бағдарлау жүйесін дамыту, іс-тәжірибе жұмыстарын кәсіпорындарда тиімді ұйымдастыру – аталған жобаның басты бағдары болмақ.

Шара барысында №3 мек-

теп директоры Н.Ахметқалиев университет делегациясы мен «Семей Инжиниринг» ұйымы қызметкерлеріне STEM-лабораториясы, техникалық жабдықталған физика, химия, биология, робототехника және алғашқы әскери дайындық кабинеттерін, хореография залын таныстырып өтті. Сонымен қатар, басшы үштік оқыту жүйесіне қатысты пікірін білдіріп, ұсыныстарымен бөлісті:

«Қазіргі білім беру жүйесінде жоғары сынып оқушыларының кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруін, арнаулы бейімділігі мен қызығушылықтарын, танымдық қабілеттерін ескеруіміз керек. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар циклі оқушылардың болашақ мамандықтарын толықтай танып-білулеріне мүмкіндік бермейді. Әскекең ұрпақтың дұрыс кәсіби бағдар алу ісі мектеп қабырғасынан басталуы қажет. Осы бағытта үштік оқыту жүйесінің оң нәтижесін беріп, жемісті боларына сенім білдіремін». Сондай-ақ, мектеп басшысы жоғары сынып оқушыларының оқу жоспары мазмұнымен таныстырып, 17 міндетті пәндерден бөлек университет базасында қосымша 4 бейіндік пәнді оқыту жайлы ұсынысын білдірді.

Өз кезегінде Шәкәрім университеті басшысы Б.Ердембеков: «Бүгінгі таңда техникалық мамандар жетіспейді. Сол себепті де мемлекет тарапынан техникалық мамандықтарға грант санын көбейтіп жатыр, бірақ мек-

тептерде химия, физика, математика пәндерінен сапалы білім беретін дұрыс ұстаз болмайынша техникалық мамандықтардың көсегесі көгермейді. Сондықтан, университет пен мектеп арасында тығыз байланыс орнату керек», - деп мектеп пен университет арасындағы байланысты нығайта түсуде дуалды білім беру жүйесінің маңызы зор екендігін тілге тиек етті.

Ал «Семей Инжиниринг» АҚ директорының орынбасары Р.Тұрағұлов 2019 жылы мамандардың кадрлық тапшылығы мәселесімен бетпебет келгендерін атап өтіп, сапалы мамандар даярлау ісіндегі үш тараптың да үлкен рөл атқаратыны жайлы айтты. Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан мектеп ішінде арнайы техникалық үйірмелер ашып, зауыт базасында экскурсиялар ұйымдастыру ісі ұсынылды.

Сондай-ақ, шараға Семей қалалық білім бөлімінің басшысы Н.А. Фесенко қатысып, шараның маңыздылығын атап өтті. Меморандумға қол қойған барлық тараптарға жемісті жұмыс, ал мектеп түлектеріне ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтіп, өз ісінің кәсіби маманы болуларына тілектестігін білдірді.

Айта кетейік, шара соңында Шәкәрім университеті және №3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені арасында дуалды білім беру тәжірибелерін нығайту бағытындағы ұсыныстар сараланып, бірлесіп атқаратын жұмыс жоспарының мазмұны қарастырылды.

**Сымбат СӘРСЕМБАЕВА**  
журналист



# «ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК АТЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ДӘРІСХАНАСЫ» АШЫЛДЫ

**Ұлттық әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен ғылымның, тарихы мен этнографиясының зерттелуі мен зерделенуіне, насихатталуы мен дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» Шәкәрім университетімен бірлесе отырып тағы бір игілікті іске ұйымтқы болып отыр.**



Атап айтқанда, 4 наурыз күні Семейдегі Шәкәрім университетінде көрнекті жазушы, этнограф, баспагер, аудармашы «Зейнолла Сәнік атындағы Шетелдегі қазақ әдебиеті дәрісханасы» ашылды. Оның қажетті жабдықтауы қор демеушілігі арқылы іске асты. Сондай-ақ, мәдениет қоры дәрісханаға шетелдегі қазақ әдебиеті, тарихы мен өнеріне қатысты 100-ден астам кітапты сыйға тартты. Бұл білім ордасындағы оқытушылардың, студенттер мен магистрлердің және зерттеуші ғалымдардың қазақ әдебиетінің тұтастану тарихын танып білуі мен зерттелуіне зор мүмкіндік туғызбақ. Бұған дейін де оқу орны мен қор арасында шығармашылық байланыстар қалыптасып, ғылыми бағыттағы ізденушілерге қор атынан шәкіртақы берілген еді.

Университет басшысы Бауыржан Ердембеков саналы ғұмырын ғылыми ізденіске, шығармашылық тұрғыдан кемелденуге, елге қажетті тарихи һәм этнографиялық мұрағаттарды жинауға арнаған қаламгер З.Сәніктің ұлттық тарих пен этнографияға, фольклорға қосқан үлесі қомақты екенін ерекше атап өтті. Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына барынша жағдай жасауды мақсат еткен Шәкәрім университеті, Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының әріптестігімен өтетін игілікті іс-шаралардың алдағы уақытта да жалғаса беретінін тілге тиек етті.


Дәрісхананың ашылуы аясында «З.Сәнік қорының» кітапхана сериясымен жарық көрген қытайдағы қазақ прозасының антологиясы – «Қамшыгер» кітабының таныстырылымы өтті. Оған 30




жазушының таңдаулы әңгімелері енген. Іс-шара барысында қонақтармен әдеби кездесу, кітап көрмесі, ғылыми бағыттағы пікір алмасу ұйымдастырылды. Ашылу салтанатына университет басшысы Б.Ердембеков, жазушының жары, ақын, ұстаз Шәмшабану Хамзақовы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Еспенбетов пен қаламгердің перзенттері, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, әдебиеттанушы-ғалым Серік Негимов, ақын, баспагер Ғалым Қалибекұлы, қордың атқарушы директоры, ақын, ұстаз Серік Қалиев, ақын Дүйсенәлі Әлімақын, Семейдегі зиялы қауым өкілдері, БАҚ қызметкерлері т.б. қонақтар қатысты.

Сонымен қатар, Филология факультетінің студенттері Т.Еженхан, Т.Қайрат, Қ.Дәуренқызы, Ж.Рақатова мен А.Қылышпаевалар З.Сәнікұлының шығармашылығы, "Жетеліге жетпіс сөз" танымал қойын дәптерлері, "Сергел", "Басбай" романдары туралы баяндама жасағаны үшін «З.Сәнік қорының» бір реттік шәкіртақысына ие болды.

## БЕС ШӘКІРТІМІЗ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ҚОРЫНЫҢ ШӘКІРТАҚЫСЫН ИЕЛЕНДІ



**ЕЖЕНХАН ТАЛАНТ РАУАНҰЛЫ**  
Филология факультетінің 3 курс студенті.  
«Қаракөз» студент жастар театрының жетекшісі.



**КЫЛЫШПАЕВА АЛИМА**  
Филология факультетінің 3 курс студенті.  
Жазба ақын, белсенді студент.



**ҚАЙРАТ ТҮРСЫНАЙ**  
Филология факультетінің 3 курс студенті.  
“Үздік студенті - 2020” иегері.



**РАҚАТОВА ЖҰПАР**  
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының 3-курс студенті.  
Топ белсендісі



**ДАУРЕНҚЫЗЫ ҚҰРАЛАЙ**  
Филология факультетінің 3-курс студенті.  
Шығармашылық жағынан суретке жақын, ғылыми жобаларға белсенді қатысады.





# "СӨЗ-ҒҰМЫР" ӘДЕБИ КЕШІ

**Шәкәрім шаңырағында көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф фольклоршы Зейнолла Сәніктің шығармашылығына арналған "Сөз-Ғұмыр" атты әдеби сазды кеш өтті.**

Шара Филология факультетінің студенттері мен Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының профессоры А.Тоқсамбаеваның ұйымдастыруымен өткізілді.

Әдеби кешке университет басшылығы, жазушының жары, ақын, ұстаз Шәмшабану Хамзақızı мен қаламгердің перзенттері, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, әдебиеттанушы-ғалым Серік Негимов, ақын, баспагер Ғалым Қалибеқұлы, қордың атқарушы директоры, ақын, ұстаз Серік Қалиев, ақын Дүйсенәлі Әлімақын, Семейдегі зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Кеш шымалдығы Филология факультетінің 4-курс студенті Бейісхан Хабдолланың арнауымен ашылды.

Шара барысында Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын Ұ.Есдәулет З.Сәнікұлының қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар факультет студенттері Т.Еженхан, Т.Кайрат, Қ.Дәуренқызы, Ж.Рақатова мен А.Кылышпаевалар З.Сәнікұлының шығармашылығы, "Жетеліге жетпіс сөз" танымал қойын дәптерлері, "Сергел", "Басбай" романдары туралы баяндама жасады.

Зейнолла Сәнік саналы ғұмырын талмай ізденіске, шығармашылық тұрғыдан кемелденуге, елге қажетті тарихи нәміз этнографиялық мұрағаттарды жинауға арнаған ғалымның бірі. Жазушы мұрасы халқымен бірге мәңгілік жасайды!



## ЗЕЙНОЛЛА АТА РУХЫНА

*Қазақтай байтақ өңірде мынау,  
Ұрпағың салмас көңілге қырау.  
Еңбегің ата ұлықталуда  
Өкпең жоқ шығар өмірге мынау.*

*Тым биік еді тауданда бағың,  
Жапа шекпеген жауданда жаның.  
Ұрпаққа мәңгі жеміс болардай,  
Қаншама еңбек аудармаларың.*

*Сөнбейді сендік сезім алауы,  
Ойыңды кімдер сезіне алады.  
Өмір дей тұғын жалғаннан ата,  
Өзің кетсеңде сөзің қалады.*

**Мирас ЗЕКЕНОВ**  
Филология факультетінің  
3 курс студенті

## СӨЗ - ҒҰМЫР

*Сіз жазған шығармада бәрі қалды,  
Қазақтың тарихы мен әні қалды.  
Сергелденмен өткеріп сенсіз күнін,  
Соңыңнан ерген ұлы көш зары қалды.*

*Зерттеуіңде өткеннің үні қалды,  
Тұнжырап Тарбағатай түні қалды.  
Халықтың көңіл-күйі секілденіп,  
Бірде жаңбыр, бірде бұлт күні қалды.*

*Десек те, аңыз болып бәрі қалды,  
Мәңгілік өшпес өмір нәрі қалды.  
Сіз қалдыңыз халықтың жүрегінде,  
Арайлап ұрпағыңның таңы қалды.*

**Ділһаз ҒАЛЫМБЕК**  
Филология факультетінің  
3 курс студенті

## ІЗ ҚАЛДЫ

*Батырларды жырлаған мына заманда,  
Таланты менен түйреген жақсы ғаламда.  
Үлгі аламын өнеріңнен із қалды,  
Артыңнан жырлап жүретің жас қалды.*

*Толқыған теңіз жыр еткен әрбір сөзіңнен,  
Танып өстім мен бала кезімнен.  
Тарихта мәңгі сақталды бейнең өшпейді,  
Баяғы сол кез сөнбейтін сөзің кезіңнен.*

*сезбеймін аға жолыңда біреу тұрарлық,  
Таланттың бізді шебері етті құмар ғып.  
Ізіңнен еріп іздеймін жақұт ғаламды,  
Жолын ашамын елге танылып шығарлық.*

*Атыңыз өшпес есімге айналып еліңнің,  
Жырладың мынау жақсылықтарын жеріңнің.  
Ұрпағың айтып келеді өлі жырыңды,  
Сөнбесі болды сізге құрмет сенімнің.*

**Гаухар СУТТИБАЕВА**  
Филология факультетінің  
3 курс студенті





## ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

**Салауатты өмір салтын насихаттаудың бір бағыты - университет оқытушылары, қызметкерлері және білім алушылары арасында спорттық іс-шаралар ұйымдастыру. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында дәстүрлі өтетін спартакиада өз мәресіне жетті.**

Университет ұжымының денсаулығын нығайту, спорттық шеберлігін шыңдау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткен спартакиада ойындары 1 ақпаннан 1 наурызға дейін жалғасын тапты.

Спорттың ер және әйел адамдар арасында волейбол, футбол, баскетбол, бадминтон, тоғызқұмалақ, ату, дартс, шахмат және үстел теннисі сияқты тоғыз түрінен өткен сайысқа 7 команда қатысты. Атап айтқанда, жарыс кезеңдерінде «ИТФ», «ЖМФ», «ФФ», «ГЭФ», «ВАФ» факультеттері мен «Колледж», «Ректорат» ұжымынан құралған командалар бақтары мен баптарын сынады.

Спартакиаданың жабылу салтанатында университет басшысы Б.Ердембеков оқу орны ұжымының арасында салауатты өмір салтын дәріптеуде осындай шаралар зор септігін тигізетіндігін атап өтті.

«Спорт – денсаулық кепілі. Мемлекетіміз өзінің алдына дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы тұтас міндет қойып отыр. Сондықтан да Шәкәрім шаңырағында спорт, дене шынықтыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Былтырғы жылмен салыстырғанда спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Келешекте балаларға арналған бассейнді іске қосу жоспарлануда», - деді Бауыржан Аманкелдіұлы.

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының меңгерушісі Д.Советханұлының айтуынша биылғы спорт сайысына 250 қызметкер қатысқан. Өрбір команда 27 адамнан тұрады. Аталған көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда жоғары.

Спорт сайысының қорытындысы бойынша «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» шыққан командалар мен әкедей қатысушылар университет ректорының Алғыс хаты мен ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жеңімпаз командаларға арнайы жүлде қоры бекітілді. Спартакиада демеушілері «Шәкәрім шапағаты» қоры 650 000 тг; Кәсіподақ ұйымы 250 000 тг, Түлектер қауымдастығы 100 000 тг. Жалпыкомандалық есепте Жаратылыстану-математика факультеті өзгелерден оқ бойы озып шығып, 1-орын алды. Ректорат командасы 2-орынды иеленсе, жүлделі үшінші орын Инженерлік-технологиялық факультетінің қанжығасына байланды.

**Бір айға созылған спартакиада нәтижесі төмендегідей:**

1. Бадминтон ерлер мен әйелдер арасында 1-орын ЖМФ;
2. Баскетбол 1-орын ЖМФ;
3. Футзал 1-орын Ректорат;
4. Үстел теннисі ерлер мен әйелдер арасында 1-орын ЖМФ;
5. Волейбол 1-орын ЖМФ;
6. Тоғызқұмалақ ерлер арасында 1-орын ГЭФ, әйелдер арасында 1-орын ФФ;
7. Шахмат ерлер арасында 1-орын ФФ, әйелдер арасында 1-орын ИТФ;
8. Ату ерлер арасында 1-орын Байгожин Адлет, әйелдер арасында 1-орын Байбосинова Құралай;
9. Дартс ерлер арасында 1-орын Жолбарысов Исахан, әйелдер арасында 1-орын Байбосинова Құралай.

Шәкәрім шаңырағында өтетін дәстүрлі спартакиада биыл Бейжің қаласындағы XXIV Қысқы олимпиада ойындарымен бір мезгілде ұйымдастырылды. Аспан асты елінде өтіп жатқан дүбірлі додаға елімізден 34 спортшы қатысты.

Алдағы уақытта студенттер арасында спартакиада ойындары өтеді.

## В УНИВЕРСИТЕТЕ ШАКАРИМА ПРОШЛА ТРАДИЦИОННАЯ СПАРТАКИАДА

**1 февраля в Университете Шакарима стартовала ежегодная спартакиада среди профессорско-преподавательского состава и сотрудников структурных подразделений вуза. В течение месяца команды соревновались по 9 видам спорта. Так, в первый день в спорткомплексе №1 проходили соревнования по бадминтону.**

Торжественное открытие спартакиады состоялось 9 февраля в спорткомплексе №2. В мероприятии принял участие Председатель Правления-Ректор Бауыржан Ердембеков, который подчеркнул, что подобные соревнования прививают не только любовь к спорту, но вырабатывают командный дух и сплоченность коллектива.

«Добро пожаловать на церемонию открытия спартакиады! Спорт – жизнь! Такие спортивные встречи проводятся ежегодно с целью пропаганды здорового образа жизни. Каждая спартакиада приурочена к важным событиям. В этом году наша спартакиада проводится одновременно с XXIV зимней Олимпиадой, которая проходит в Пекине. Честь Казахстана на этой олимпиаде защищают сразу 34 спортсмена среди которых есть и наша землячка, а также выпускница университета Шакарима, заслуженный мастер спорта по биатлону Галина Вишневская-Шепоренко. Желаю всем нашим спортсменам удачи и достойных побед!», – сказал в своем приветственном слове Бауыржан Ердембеков.

В этом году особенностью спартакиады было то, что соревнования проходили в 9-ти видах спорта: волейбол, футбол, баскетбол, настольный теннис, шахматы, дартс, бадминтон, тоғыз кумалақ, стрельба).

«Соревнования по 7 видам спорта проводились в командном формате, по остальным двум видам (дартс, стрельба) в формате индивидуальных соревнований. В целом в спартакиаде приняли участие 7 команд: Ректорат; Филологический факультет; Гуманитарно-экономический факультет; Инженерно-технологический факультет; Естественно-математический факультет; Факультет ветеринарии и агроменеджмента; Высший колледж имени Шакарима. В каждой команде было по 27 участников, а это почти 190 работников вуза. Отрадно, что во время игр на всех спортивных площадках царил атмосфера дружбы и партнерства», – рассказал заведующий кафедрой Физической культуры и спорта Дулат Советханұлы.

Отметим, что в ходе соревнований, которые проходили до 1 марта были соблюдены все санитарно-эпидемиологические нормы.

По итогам соревнований I место заняла – команда Естественно-математического факультета, II место – команда Ректората и III место – команда Инженерно-технологического факультета. Общий призовой фонд составлял 1 миллион тенге. К слову, в прошлом году он составлял 250 тысяч тенге.

Важно сказать, что спартакиада укрепила коллективные дружеские отношения и показала пользу здорового образа жизни. Это соревнование произвело на участников особое впечатление.

Кроме того, в апреле планируется проведение спартакиады среди студентов Университета Шакарима.



# В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ!

В Университете имени Шакарима города Семей филологическое образование традиционно поддерживается как одно из основных направлений деятельности. В современных условиях оно расширяется благодаря межкультурным контактам и межъязыковым связям. Но первая из серьёзных проблем на пути интернационализации образования: языковой барьер невозможно преодолеть без знания языков. И в этих условиях важнейшей предпосылкой международного сотрудничества становится обеспечение взаимопонимания посредством полиязычного преподавания и изучения языков.

Важнейшую задачу по подготовке по русскому, казахскому и английскому языкам обучающихся всех образовательных программ в университете выполняет филологический факультет, на котором осуществляется далеко не первый проект в рамках грантового финансирования МОН РК под руководством профессора Исмаиловой Г.К.

В современных условиях цифровизации образования не случайно была выбрана тема проекта - «Мультимедийное образовательное пространство как инструмент формирования коммуникативных компетенций в сфере трёхязычного высшего образования», цель которого заключается в том, чтобы научно обосновать гибкость, вариативность и динамичность реализации программ трёхязычного образования очного обучения, определив оптимальное соотношение инновационных мультимедийных и дистанционных технологий с традиционными, разработать принципы, формы и содержание учебно-методического обеспечения образовательных программ благодаря моделированию мультимедийного образовательного пространства, направленного на формирование у обучающихся коммуникативных компетенций. Работа в проекте запланирована на трёхлетний период: 2021-2023 гг.

Основным результатом исследований станут варианты учебно-методического обеспечения образовательных программ и мультимедийных ресурсов сопровождения для трёхязычного высшего образования, системно объединённые и составляющие мультимедийное пространство, они способны обеспечить эффективность очного обучения в различных условиях как офлайн, так и онлайн, в том числе в нестабильных условиях, а также при невозможности применения исключительно традиционных технологий, например, в инклюзивном образовании.

Работа в проекте осуществляется благодаря грамотно подобранному тандему высококвалифицированных специалистов филологов и программистов.

Результаты проекта позволят представить важный для последующих научно-исследовательских и методических работ материал, обобщение опыта, необходимого для высшего профессионального образования Казахстана, будут способствовать выработке конкурентоспособных принципов реализации образовательных программ.

Итоги работы первого года по проекту действительно впечатляют. Разработаны 3 электронных словаря, 2 аналитических обзора; 1 учебное пособие; 2 цифровых об-

разовательных ресурса; 3 программы для тестирования по казахскому, русскому и английскому языкам, изданы 2 статьи РИНЦ, получено 11 авторских свидетельств. Данные разработки были внедрены в учебный процесс НАО «Университет имени Шакарима города Семей» на филологическом факультете для обучающихся специальностей 6В01705 «Иностранный язык: два иностранных языка», 6В02302 «Переводческое дело», 6В01703 «Русский язык и литература». Также результаты проекта получили свое отражение в опубликованных участниками проекта 8 отечественных и 8 зарубежных публикациях с участием 8 магистрантов и 1 студента университета.

Кроме того, 26 ноября 2021 года в Университете имени Шакарима города Семей была проведена Республиканская научно-практическая конференция «Мультимедийное образовательное пространство как инструмент формирования коммуникативных компетенций в сфере трёхязычного высшего образования». Работа конференции осуществлялась по трём специализированным направлениям. В работе конференции приняли участие ученые Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Торайгыров университета, Казахского национального женского педагогического университета, преподаватели колледжей и учителя школ Восточно-Казахстанской области, преподаватели и магистранты Университета имени Шакарима города Семей. По итогам работы конференции были выработаны практические рекомендации, направленные на эффективное использование мультимедийных средств и современных образовательных технологий в формировании коммуникативных компетенций в сфере трёхязычного образования.

Эффективность проекта подтверждается также незаменимым полученным опытом авторов программ по их созданию, который будет передаваться на запланированных курсах повышения квалификации для ППС филологического факультета.

Практическая значимость проекта заключается в том, что полученные результаты используются при преподавании базовых и профилирующих курсах, а также в значительном экономии времени и ресурсов при непосредственном обучении студентов и магистрантов. Нельзя также забывать и о том, что данные разработки несут существенную помощь в развитии инклюзивного образования.

Необходимо отметить, что реализация любой научно-исследовательской работы невозможна без координации, слаженной работы и помощи сотрудников Департамента науки. Благодаря проведенным ими семинарам, консультациям и просто добрым пожеланиям реализуются активно научные проекты в университете.

Пожелаем удачи всем участникам проекта и надеемся, что в будущем грантовое и проектное финансирование на факультете и в университете будет процветать и перерастет в крупные исследовательские международные программы.

**Гайнигуль ИСМАИЛОВА,**  
кандидат филологических наук  
**Клара ХАСЕНОВА,**  
кандидат экономических наук

Жаһандық экологиялық дағдарыстың қатаң шарттары, оны еңсеру қажеттілігі экологиялық критерийлерді адам қызметінің барлық салалары үшін міндетті және басым деп санайды.

Осы орайда Химиялық технология және экология кафедрасында «ЖОО педагогтардың экологиялық құзыреттілігін жоғарылату» тақырыбында республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

## ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Семинарға университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Жиында Инженерлік-технологиялық факультетінің деканы Ж.Тохтаров ашып, Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары ғаламдық міндеттер қатарында екендігін айтты.

Экологиялық және педагогикалық құзыреттілік әлеуметтік практиканың көптеген салаларында сұранысқа ие: жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінде, қосымша білім беру мекемелерінде және әлеуметтік салада, бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық ұйымдарда, экологиялық менеджментте, экотуризмде, - дейді ұйымдастырушылар.

Семинар барысында Артамонова Е.Н., х.ғ.к., доцент «Кәсіби қызметтегі педагогтың экологиялық құзыреттілігінің рөлі»; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы, б.ғ.к., Кекильбаева Г.Р. «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, «Топырақтану және агрохимия» кафедрасының профессорлық оқытушылар құрамының экологиялық құзыреттілігін арттыру жолдары»; Сибиркина А.Р., б.ғ.д., доцент, «Челяби мемлекеттік университеті» федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі, экология факультетінің деканы (қ. Челябинск) «Қоғам мен білім беруді экологияландыру»; Қасимова Ж.С., б.ғ.к., доцент «Химиялық пәндерді оқыту кезінде кейс-технологияларды қолдану арқылы педагогтардың экологиялық құзыреттілігін арттыру»; Мурзалимова А.К., аға оқытушы «ЖОО оқытушылардың экологиялық құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары» тақырыптарында баяндама жасады.

Сонымен қатар аталмыш семинарға қатысушылар оқыту процесіндегі экологиялық тәрбие, ғылыми-техникалық прогресті дамытудың қажеттілігі, үнемі жаңа, күрделі технологияның пайда болуы, ақпарат құралдарының және экологиялық ұйымдардың басқа елдердің экологиялық тәрбие берудегі тәжірибелері тақырыптары төңірегінде келелі ойларымен бөлісті.

**Химиялық технология және  
экология кафедрасы**



## РАЗВИВАЯ АГРАРНЫЙ СЕКТОР: ВСТРЕЧА РУКОВОДСТВА УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА С ДИРЕКТОРОМ ТОО «ШАЛАБАЙ»

16 февраля 2022 года в стенах Университета Шакарима состоялась встреча Председателя Правления-Ректора Бауыржана Ердембекова с генеральным директором ТОО «Шалабай» Куанышем Сулейменовым.

Главной темой для обсуждения стало совместное сотрудничество, в частности ежегодное прохождение производственных практик студентами вуза с дальнейшим трудоустройством на предприятии.

В настоящее время ТОО «Шалабай» необходимы кадры сельского хозяйства, так как данное хозяйство является основным работодателем одноименного села Шалабай Жарминского района. Университет Шакарима в свою очередь осуществляет подготовку специалистов аграрного сектора. В связи с этим наш вуз и ТОО «Шалабай» намерены тесно сотрудничать.

Так, в ходе встречи были обсуждены вопросы о внедрении новых дисциплин в образовательные программы по ветеринарии и агрономии, совместном развитии систе-



мы дуального образования и повышении качества подготовки обучающихся в бакалавриате, магистратуре, PhD докторантуре на основе максимального приближения учебного процесса к реальному производству.

Кроме того, было сказано и о проведении стажировок преподавателей на базе хозяйства, совместных научно-исследовательских работах с привлечением студен-

тов и участия в конкурсах научных проектов на грантовое финансирование, в качестве бизнес-партнеров.

Отметим, что эта встреча уже не первая. Ранее делегация из Университета Шакарима посещала ТОО «Шалабай» и более подробно ознакомилась с деятельностью предприятия.

Также стоит сказать, что сегодня в ТОО «Шалабай» используется лучший казахстанский и мировой опыт. Построена новая площадка для интенсивного откорма скота. Селекционно-племенная работа курируется научно-исследовательским институтом. Предприятие стремится получить статус племхоза, а затем и завода.

Конечная цель предприятия – улучшение характеристики казахской белоголовой и распространение в пределах страны, а также племенное разведение овец «бай-ыс» (курдючных) и лошадей «жабе».

Медиа центр

## ӨНЕР МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ақындығы, жазушылығынан бөлек, қазақтың ұлттық музыка өнеріне өзіндік қолтаңбасымен келген алаштың рухани мұрасына өлшеусіз үлес қосқан Шәкір Әбенов қазақ өнерінің алтын қазығы іспеттес. Осы орайда Шәкәрім шаңырағында Өнер және музыка кафедрасының ұйымдастыруымен «Шәкір Әбеновтің «Алтай аруы» өнінің нотасына талдау» атты ғылыми семинары өтті. Семинарға университет басшылығы, еліміздің зиялы қауым өкілдері мен өнер қайраткерлері қатысты.

Шараның мақсаты – ақын, сазгер Шәкір Әбеновтың «Алтай аруы» өнінің нотасына ғылыми талдау жасау және оның ерекшелігін ғылыми негіздеу.

Семинар барысында Өнер және музыка кафедрасының оқытушысы Қайрат Қабышев «Алтай аруы» өнінің нотасына талдау» тақырыбында баяндама оқып, әнді нотаға түсіруге музыка теориясының аспектілермен байланыстырып, мүмкіндігінше әнді сауатты нотаға түсіру ерекшелігін ғылыми түрде негіздеді. Сонымен қатар баяндамашы Шәкір Әбеновтың Абай тартқан үш шекті домбырамен ән жазу дәстүрін жалғастырушы ізбасары екендігі тілге тиек етті.

«Ш.Әбеновтің ән айту мәнерін көптеген байқауларда Алтай – Тарбағатай әншілік мектебіне жатқызып жүр. Әрине, Алтай-Тарбағатай мектебі кәсіби әншілік өнеріміздің көне түрі. Демек бұл мектепте ұлттық колоритіміз сақталған. Осы мектепке жататын әндер пентатоникалық бес дыбыстың көлемінде айтылады, және диапазоны

кең болмайды. Ал енді, Ш.Әбеновтің туған жеріне барып өзінің орындауындағы көптеген халық композиторлардың әндерін, күйлерін, сарындарын жазып алған өнер зерттеуші Б.Г.Ерзаковичтің Шәкір ақын туралы мақаласында былай деген екен: «Бұл кеште Шәкірдің жұрт алдында ән айтқанына куә болдым және ән айту стилі Ж.Елебеков, Т.Арынбаев, Қ.Лекеровердің ән айту стиліне ұқсайды» деген екен. Демек, Шәкір ақынның ән айту стилін өзінің шығарған әндеріне қарап кең диапазонды Арқа әншілік мектебіне жататынын көруге болады», - деді Қайрат Қабышев.

Ғылыми семинар тақырыбы бойынша сыртқы сарапшылар Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рамазан Стамғазы және әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының доценті, қауымдастырылған профессор Еркін Шүкіманов баяндама тақырыбына оң бағасын беріп, дәстүрлі әндерді заманауи нақышта орындау туралы өз ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ, өнердің ғылымға негізделуі керек екендігін сөз етті.

Шара соңында қатысушылар Ш.Әбеновтың өнегелі өмір жолы, оның ұрпаққа қалдырған мол мұрасы қай кезде де ұлтымыздың рухани қазынасы екендігін атап өтті.

**Еркебұлан ТАТИЕВ**  
Өнер және музыка кафедрасының аға оқытушысы

**Шәкәрім университетінің**  
**Гуманитарлық-экономика**  
**факультетінде**  
**көктемнің**  
**алғашқы күнімен тұспа-тұс кел-**  
**ген «1-наурыз алғыс айту күні»**  
**мерекесі өтті.**

## 1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Студенттеріміздің жүректарды ыстық ықыластарымен, шынайы лебіздерін білдірумен басталған шара, музыка кафедрасының оқытушысы Қайрат Арқашұлы бастаған талантты студенттеріміздің ән-шашуымен жалғасты.

Мерекелік күні 8-ші ғимарат асханасында тәтті шаймен тәттілер, ыстық шелпек тегін үлестірілді.

Мерекелік күннен алған әсерін факультеттің ұлағатты ұстазы Гүлжанат Какижановна: «Бүгінгі алғыс айту күні, үлкен мерекелік күн, бұл күн көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келіп тұр. Барлықтарыңызды осы мерекелік күнмен құттықтаймын. Және бүгінгі белсенді студенттеріміздің ұйымдастырып отырған іс-шарасына өтте қатты риза болдым. Бүгін сағат 8-де корпуста кіріп келе жатқанда үлкен қуанышпен, қолдаумен, қол шалақтаумен, студенттердің барлығы күлімдеп, жылы лебізбен қарсы алғандарына қатты риза болдым. Сабақтарың жақсы бітіріп, өз саласың білікті маманы болсын. Қыздарымыз гүлдей жайнап, көктемдей құлпыра берсін! Жігіттеріміз кешегі Қабанбай, Бөгенбай батырларымыздың ізін жалғастырыңыз!» - деп ыстық лебізін білдірді.

**Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА**  
Педагогика және психология  
кафедрасының 1-курс студенті



## КІЛ МЫҚТЫ ДА КІМ МЫҚТЫ немесе БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕР ЖОБА ЖАЙЛЫ БІЛМЕЙДІ МЕ?

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет», - деген екен. Жаңа Қазақстанның жасампаз болашағы бүгін университет қабырғасында білім алып жатқан жастар. Бұл ретте университетімізде белсенділер мен білімділерді анықтауға арналған «Үздік студент» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында білімге құштар, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын, салауатты өмір салтын ұстанатын, оқ бойы озық студенттер анықталады. Анықталып қана қоймай, лайықты марапқа да ие болады.



- Кешегі күні Мағжан ақын сенген жастар бүгін білім ордаларында тәлім мен тәрбие алуда. Мемлекет дамуының кепілі білімді, білікті, бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақ екенін ескерсек, бұл жобаның берері мол. Қорытындысында үздіктерге бір реттік шәкіртақы тағайындалып, оқу ақысына 10 пайыздан бастап 100 пайызға дейінгі жеңілдік қарастырылады. Ең үздік жас университеттің кадрлық резервіне алынады, - дейді университеттің Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Берікхан Иісбек.

Проректордың айтуынша, жоба тар мақсатты көздемейді. Университет миссиясына сай білікті маманмен қатар ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген кемел тұлғаны қалыптастыру – басты мұрат.

Жобаға қатысушылар оқу жетістігі, ғылыми-зерттеу жұмысы, спорттық жетістігі, қоғамдық және шығармашылық қызметі сынды 4 бағыт бойынша сынға түседі. Яғни білім алушының ғана емес, мамандықтың, қала берді факультеттің жұмыс нәтижесі айқындалады.

Жалпы университетте 7157 студент болса, күндізгі бөлімде 4609-ы оқиды екен. Аталмыш жобаға 790 білім алушы қатысып жатыр. Демек, белсенді жастар бар болғаны 17 пайызды ғана құрайды. Расында да белсенділеріміз аз ба, әлде олар бұл жобадан бейхабар болғандықтан мүмкіндіктерін танытатын тетікті таппай жүр ме деген орынды сауал туындайды...

Ақпан айындағы қорытындыға көз жүгіртсек, жоғарыда аталған төрт көрсеткіш бойынша «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы 1157 ұпаймен көш бастап тұр. 1070 ұпай жинаған «Тарих» пәні мамандығы екінші орында болса, «Ақпараттық технологиялар» мамандығы 790 ұпаймен алғашқы үштікті қорытындылады. Ал «Физика», «Биология», «Химия», «География мұғалімдерін даярлау» мамандықтары бар болғаны 5 ұпаймен ең төменгі көрсеткіш көрсетіп тұр. Неге? Бұл мамандықтарда бірыңғай енжар студенттер білім алады ма әлде жоба жайлы ақпараттандырылмады ма? Қоғамдық жұмыстарға қатыспады деп



ойласақ та, тым болмаса білім, ғылым бөлімдері бойынша ұпай жинауы керек еді...

Ал студенттердің белсенділігі бойынша 85 пайыз көрсеткішке ие «Жеңіл өнеркәсіп технологиялары және құрастырылуы», сондай-ақ «Орман шаруашылығы» мамандықтары үздік деп танылса, «Аударма ісі» көш соңында.

Факультеттер бойынша сараптайтын болсақ, 31 пайыз жинаған инженерлік-технологиялық факультет бірінші орыннан көрінсе, филология факультеті тізім соңында тұр. Курс бойынша тоқталсақ, белсенділердің 30 пайызы 3 курс студенттері екен, 1 курс бар болғаны 11 пайыз.

**Сонымен, соңғы аптадағы үздік ондық:**

1. Сүлейменов Нұрбол Ерболұлы (Геодезия және картография мамандығы);
2. Хамитова Әсия Асқарқызы (Бухгалтерлік есеп және қаржы);
3. Сарсембинова Гузаль Рустамқызы (Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету);
4. Бопабаева Асемгуль Тимуровна

(Құқықтану);

5. Қайрат Айдос Қайратұлы (Тарих);
6. Сейтназарова Диана Рашидовна (Музыкалық білім);
7. Ақмырза Бекзатхан Қанжарбекұлы (Ақпараттық жүйелер);
8. Сырымұлы Мерей (Тарих);
9. Жеңісқанов Жан Ержанұлы (Математика мұғалімдерін даярлау);
10. Шаймерденов Нариман Бауржанович (Ақпараттық жүйелер).

Айта кетсек, ниетті студенттер әлі де жобаға қатыса алады. Ол үшін SemGU AIS порталына жеке кабинеттеріне кіріп, жетістіктерін енгізеді. Сарапшылар әр бөлім бойынша ақпаратты қабылдаған соң автоматты түрде бал беріледі. Байқап отырғандарыңыздай, қаңтардағы үздіктер қатардан шығарылып, ақпан айының соңында жаңа есімдер танылып отыр. Демек, бәсекелестік қарқыны күшті.

**Әйгерім СӘРСЕНҚАЛИ,**  
Қазақ филологиясы  
және журналистика  
кафедрасының оқытушысы



*Құттықтаймыз!*

## ЕҢБЕК ЖОЛЫНЫҢ ШЫҢЫ



Абдикаримова Тоты Тлеулесовна 1962 жылы 14 ақпанда Көкшетау облысы Бірсауыт ауылында дүниеге келген. Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын 1984 жылы тәмамдаған соң Семей облысы Үржар ауданы Ақсақол орта мектебінде, 1988 жылдан 1989 жылға дейін сол аудандағы Некрасов мектебінде, 1989 жылдан 1993 жылға дейін Семей қаласының өзен флоты техникумында, 1993 жылы өзен флоты колледжінде, Семей Бизнес колледжіне тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. Педагогикалық қызметке дағдыланған Тоты Тлеулесовна колледжде қарапайым оқытушыдан директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасарына дейін тағайындалды. 2013 жылы Астана қаласының ең көне кәсіби оқу орындарының бірі – көлік және коммуникация колледжіне директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2012 жылы ШҚО білім басқармасы Т.Т. Абдикаримованы «Шығыс» өңірлік орталығына директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. 2013 жылы «ҚР БҒМ оқулығы» республикалық ғылыми-практикалық орталығына аға сарапшы болып ауысады.

Кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне ие бола отырып, оқу процесін ел мен білім беру үшін бетбұрыс жылдары колледждің тиімді даму жолын анықтауға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырды.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Шәкәрім жоғары колледжінің директоры болып тағайындалғаннан бастап Тоты Тлеулесовна қысқа мерзім ішінде (2021 ж. қыркүйек – 2022 ж. қаңтар) ынтымақтастық пен өзара түсіністікке негізделген пікірлестер ұжымын айналасына топтастырды. Оған негіз биылғы жылы оқытушылар санының кеңеюі дәлел. Бұған қоса Шәкәрім жоғары колледж мамандықтарына студенттер контингентін қалыптастырып, санының өсуіне де осы кісінің еңбегі деп білеміз.

Аз уақыт ішінде биылғы оқу жылында жергілікті грант және еңбек грантарына қол жеткізуге үлкен үлесін қосты.

Оқу бағарламасына жаңашыл тұстарын енгізуге мұрындық болып, биылғы оқу жылынан бастап «2+2», «3+2» бағдарламасы іске қосылды.

Мейірімді, өршіл де талапты Тоты Тлеулесовна отағасының адал жары әрі тату отбасының сүйікті анасы.

Өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған Сізге қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіз, еліміздің нығаюына қосқан үлесіңіз, қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезеңде осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.

**Мейрамгүл САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ**  
Шәкәрім жоғары колледжі

## ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



Жұмабеков Сансызбай Жұмабекұлы - 1959 жылы бұрынғы Семей облысы Аякөз ауданы Таскескен ауылында туған. 1977 жылы Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіргеннен соң Семей зоотехникалық – малдәрігерлік институтына түсіп, 1982 жылы мал дәрігері мамандығын алып шықты. 1982 – 1993 жылдары аға мал дәрігері, комсомол ұйымының хатшысы, Аякөз аудандық малдәрігерлік зертханасында химия-токсикология бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде жұмыс істеді. 1993 жылдан Семей зоотехникалық малдәрігерлік институтының радиобиоиммунология ғылыми зертханасында ғылыми қызметкер, екі жылдан соң аталған институтта оқытушылық жұмыста болды. 1997 жыл мен 2000 жыл аралығында жаңадан құрылған Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті оқу орнының алғашқы аспиранты болды. 2001 жылы аспирантураны ойдағыдай бітіріп, «Семей полигонына іргелес шаруашылықтардағы қоршаған ортаны және радионуклидтің мал қанына әсері» – тақырыбында «Экология және санитария» саласы бойынша ғылым кандидаты дәрежесін алды.

2014 жылы Франция елінен дербес журналист Сансызбай Жұмабекұлын арнайы іздеп келіп, «Семей полигонының әсері» документалды фильміне түсірген.

Университетте өткен барлық мерекелік шаралар мен спорттық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды. Жеке өлең жинақтары жарық көрген. Республикалық және облыстық телеарналардағы әртүрлі ғылыми, мәдени, ұлттық салт-дәстүр, тіл тазалығы мен спорттық тақырыптарға, пікірталастарға қатысты. «Үздік эдвайзер», «Үздік оқытушы», «Үздік ұстаз Шәкәрім» медальдарымен марапатталған.

Сансызбай Жұмабекұлы – жан-жақты, көп қырлы тұлға. Ғылыми ізденістері мен оқытушылық қызметінен бөлек 9 әннің авторы. Оның төртеуі Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылған. Айта кетсек, аталған қорға Семей қаласының гимні де енген.

Сансызбай Жұмабекұлының төл мерекесімен құттықтай отырып, мұқалмас жігер, қайтпас қажыр, таусылмас табыс тілейміз! Өрдайым мерейі үстем, мәртебесі биік болғай!

**Шыңғыс СУЛЕЙМЕНОВ**  
Ветеринария және агроменеджмент  
факультетінің декан орынбасары



**Құрылтайшысы:**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ  
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

📧 [semgu\\_2020@bk.ru](mailto:semgu_2020@bk.ru)

🌐 <http://shakarim.edu.kz/>

📷 [@shakarim\\_university\\_](https://www.instagram.com/shakarim_university_)

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ баспаханасында басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

**Редакцияның мекен-жайы:**  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а